

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Кеден қызметі қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1992 жылғы 16 маусымдағы N 532. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында жалақыны өсіру және бағаны реттеу туралы" 1992 жылғы 25 сәуірдегі N 730 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден қызметі қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары N 1,2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне Қазақстан Республикасының Кеден комитетімен бірлесіп, кеден мекемелерін еңбек ақы төлеу жөнінен топтарға жатқызу көрсеткіштерін әзірлеп, бекіту тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Президенті "Қазақстан Республикасында жалақыны өсіру және бағаны реттеу туралы" 1992 жылғы 25 сәуірдегі N 730 Жарлығымен бюджеттік қаржыландырудағы мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеудің, үстемақы, қосымша, сыйлық және ынталандыру мен өтем сипатындағы басқа да төлемдер мөлшерін қоса, қолданылып жүрген басқа да шарттарын сақтап қалғаны еске алынсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі